

**"2009 жылға арналған Меңдіқара ауданының аудандық бюджеті туралы" Меңдіқара аудандық мәслихатының 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 137 шешімін іске асыру туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 12 қаңтардағы № 26 қаулысына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы**

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 9 сәуірдегі № 109 қаулысы. Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 21 сәуірде № 9-15-109 тіркелді

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 82-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 14) тармақшасына, "2009 жылға арналған Меңдіқара ауданының аудандық бюджеті туралы" Меңдіқара аудандық мәслихатының 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 137 шешіміне (мемлекеттік тіркеу нөмірі 9-15-96) сәйкес және халықтың ең осал жіктерін әлеуметтік қорғау мақсатында Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2009 жылға арналған Меңдіқара ауданының аудандық бюджеті туралы" Меңдіқара аудандық мәслихатының 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 137 шешімін іске асыру туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 12 қаңтардағы № 26 қаулысына (мемлекеттік тіркеу нөмірі 9-15-102, "Меңдіқара үні" аудандық газетінде 2009 жылғы 19 ақпандағы № 8 жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктері: мүгедектер, оралмандар, көп балалы отбасылар, толық емес отбасылар, жетім балалар, ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысымен отбасылар санынан жастарға олардың жоғары медициналық немесе педагогикалық білім алуымен байланысты шығыстарын өтеу үшін, тек қана мемлекеттік білім гранттарының иегерлері, жоғары кәсіптік білім алу үшін мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен өзге де төлемдер түрлерін алушылар болып табылатын тұлғалардан басқа, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі аудандық комиссияның (бұдан әрі-комиссия) шешімі бойынша ауданның еңбек рыногында талап етілетін кәсіптерге оқитын жастарға жоғары немесе орта арнаулы оқу орнымен шартта көзделген сомасы көлемінде әлеуметтік көмек беріледі";

13) тармақшамен толықтырылсын:

"13) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына біржолғы әлеуметтік көмек 20000 теңге көлемінде";

қаулыға қосымшада 10-тармағының 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген тұлғалардың мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесін".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. К. Киікбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*М е ң д і қ а р а*

*ауданының әкімі*

*Б. Жақыпов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК